



**БЕКІТЕМІН**

**«Қостанай облысы әкімдігінің  
мәдениет басқармасы» ММ  
басшысы Е. Қалмақов**

**«29» қаңтар 2023 жыл**

**ҚазССР-нің Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері,  
Қазақстан Композиторлар Одағының мүшесі,  
әнші-композитор Қалибек Деріпсалдиннің  
әндерін орындаушылардың Республикалық  
«Көктем - қыздар» атты ән байқауының  
ЕРЕЖЕСІ.**

2023 жылдың наурыз айының 2-3 аралығында Қостанай қаласында ҚазССР-нің Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстан Композиторлар Одағының мүшесі, Қостанай қаласының құрметті азаматы, Амангелді ауданының құрметті азаматы, әнші-композитор Қалибек Деріпсалдиннің әндерін орындаушылардың Республикалық «Көктем - қыздар» атты ән байқауы өтеді.

**БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ:**

Қазақ әндерінің дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген Қ. Деріпсалдин шығармашылығын келер ұрпаққа жеткізу, жалғастыру, композитор шығармалары арқылы елдің рухын биіктетіп, ән өнерін дамыту және өнер әлемінде талантты орындаушылардың жаңа есімдерін ашу болып табылады.

**БАЙҚАУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ:**

- Байқау екі кезеңнен тұрады;
- I кезеңде қазақ ұлт аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен 1 ән орындалады, орындалатын 1 ән міндетті түрде Қалибек Деріпсалдиндікі (тізім бойынша: «Ерке құсым», «Айлы түнде», «Сағыныш сазы», «Сарыадырым», «Аяулы жан аға», «Қайдасың, аңсағаным», «Арманайым», «Аққуым», «Қимадан ба едің, қалқам-ай?», «Көктем қыздар», «Сен мені түсінесің бе?», «Торсан-көпір», «Қостанай туралы ән», «Айнакөл жағасында»), екінші ән өз қалауы бойынша (Бақытжан Байқадамов: «Су тасушы қыз», «Домбыра», Әбілахат Еспаев: «Қыз қуу», «Жайық қызы», «Маржан қыз», Болат Хамзин: «Торғай қызы», «Шолпаным-жұлдызым», Бақытжан Сәуекенов: «Туған жер - Торғайым», «Қазақ қызы», «Даланың ару қызы», «Арқалығым менің», «Анажан») болуы шарт. Оркестрмен орындалатын әндердің қай «тональносте» айтылатыны алдын ала жіберілуі керек.
- II кезеңде міндетті түрде кәсіби дыбыс жазу студиясында жазылған (1) форматындағы эстрада жанрындағы Қалибек Деріпсалдиннің 1 әні орындалуы

(тізім бойынша: «Өркенді Қазақстан», «Айлы түнде», «Адамдар аққуларды атпаңдаршы», «Арманайым», «Мерекелі Меңдіқара», «Көктем қыздар», «Ақбота», «Қостанай - достар-ай», «Киелі Науырзымым», «Әулікөл вальсі», «Ерке құсым») керек.

- орындаушылардың әр шығармасы 4 минуттан аспауы тиіс;
- Байқауға Қазақстан Республикасының облыстарынан екі әншіден қатыса алады;
- Қостанай облысынан алдын ала іріктеу кезеңінен өткен үміткерлер қатыса алады;
- Байқауға 18-45 жас аралығындағы азамат (-ша) қатыса алады.

### **БАЙҚАУДЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**

- Шығармалардың ережедегі талаптарға сай болуы;
- Орындаушылық шеберлігі;
- Мәнерлілігі, дауысының кеңдігі;
- Сахна мәдениетін сақтай білуі;
- Сахналық киімі.

\* Байқауға қатысушылар мекеме, оқу орындарының мөрімен бекітілген ұсыныстары мен орындалатын шығармаларының репертуарын ұйымдастырушы мекемеге 20 күн бұрын жібелуі тиіс;

- \* Жеке куәліктің көшірмесі;
- \* Шығармашылық өмірбаяны;
- \* 13x18 көлеміндегі түрлі-түсті фотосурет.

### **ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ**

• Қатысушылардың өнерін бағалау үшін, қортынды шығару үшін өнер әлеміне белгілі әнші, композитор, ақындардан тұратын қазылар алқасы құрылады;

- Қазылар алқасының шешімі түбегейлі, талқыланбайды, қайта қаралмайды;
- Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді;
- Қазылар алқасы барлық сыйлықтарды тағайындамауға, бір сыйлықты бірнеше жеңімпазға бөлуге құқылы.

### **ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ**

1. БАС ЖҮЛДЕ – біреу, Лауреат атағы;
2. БІРІНШІ ОРЫН – біреу, Лауреат атағы;
3. ЕКІНШІ ОРЫН – біреу, Лауреат атағы;
4. ҮШІНШІ ОРЫН – біреу, Лауреат атағы.

- Байқау жеңімпаздары қорытынды Гала-концертке төлемақысыз қатысады;

- Іс-сапар шығынының жол қаражаты жіберуші жақтан, жататын орны мен тамақтандыру ұйымдастырушылар тарапынан;

- Байқаудың ережесіне сәйкес тиісті құжаттар 2023 жылғы 17 ақпан сағат 17:00-ге дейін қабылданады;

- Қалибек Деріпсалдиннің әндерін <https://ocsnt.kz/kz/events/item/12897> сілтемесіне өту арқылы да тыңдауға болады;

- Байқауға қатысатын талапкерлердің құжаттары Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК-ның [hsb@ocsnt.kz](mailto:hsb@ocsnt.kz) пошта жәшігіне жіберілуі тиіс. Мекен-жайы: Қостанай қаласы, Лермонтов көшесі, 15 үй, тел.:8 (7142) 560412; 8 702 542 51 44.

**ҚазССР-нің Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері,  
Қазақстан Композиторлар Одағының мүшесі,  
әнші-композитор Қалибек Деріпсалдиннің  
әндерін орындаушылардың Республикалық  
«Көктем - қыздар» атты ән байқауына  
ӨТІНІМ.**

<b>№</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>Қала</b>	<b>Орындалатын 1-ші ән және авторлары</b>	<b>Орындалатын 2-ші ән және авторлары</b>	<b>Орындалатын 3-ші ән және авторлары</b>	<b>Байланыс телефоны</b>
<b>1</b>						